

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағы 5) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысымен бекітілген, "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінің" 4-тармағы 1) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 3 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - республика Жоғарғы Сотының судьясы Ю . А . П о н о м а р е н к о н ы ң ,

республика Бас прокурорының орынбасары А.Қ. Дауылбаевтың, республика Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.З.Әшитовтің, республика Әділет вице-министрі Ж.К.Асановтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 1-тармағы 5) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысымен бекітілген, "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінің" 4-тармағы 1) тармақшасын конституциялық емес деп тану туралы ұсынысын қарады.

Қолдағы бар конституциялық іс жүргізу материалдарын, оның ішінде сарапшы - заң ғылымының кандидаты, ҚазГЗУ жеке құқық ҒЗИ-дің ғылыми қызметкері Е.Б.Осиповтің қорытындысын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Қ.Ж.Балтабаевтың хабарлауын, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тындап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Республика Жоғарғы Сотының, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысымен

бекітілген, "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінің" (бұдан әрі - Ереже) 4-тармағының 1) тармақшасын конституциялық емес деп тану туралы ұсынысы келіп түсті.

Азамат И.А.Кистердің қолданыстағы зейнетақы туралы заңнама оның конституциялық құқықтарын бұзатындығы туралы талап-арызы бойынша Республика Жоғарғы Соты бірінші сатыдағы сот ретінде қарап жатқан азаматтық іс Конституциялық Кеңеске жүгінуге себеп болған.

И.А.Кистер өз өтінішінде Қазақстан азаматы екенін және тұрақты тұру үшін ГФР-ге кеткісі келетінін, бірақ "Сенім" Ашық жинақтаушы қоры" ЖАҚ оның зейнетақы жинақтарын төлеуден бас тартқанын атап көрсетеді.

Бұл істі қарау барысында Жоғарғы Сот қолданыстағы зейнетақы туралы заңнаманың нормалары Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 2-тармағымен және 39-бабының 3-тармағымен баянды етілген құқықтарына нұқсан келтіреді деген қорытындыға келіп, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын және Ереженің 4-тармағының 1) тармақшасын конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінген.

Зейнетақы туралы заңнаманың өтініште көрсетілген нормаларының конституциялылығын тексерген кезде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны негізге алады.

1. Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сай Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Бұл аталған тармақ, Қазақстан Республикасы, мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін жағдай жасауға және жеке адамның еркін дамуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті жұмсартуға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытатынын білдіреді (Республика Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 18/2 қаулысы).

Меншік құқығы адамның және азаматтың негізгі құқықтарының бірі болып табылады, ол Қазақстан Конституциясымен танылады және кепілдік беріледі. Конституцияның 26-бабына сай Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады (1-тармақ). Конституцияның бұл аталған бабында (2-тармақ) сондай-ақ меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік берілетіні атап көрсетіледі.

Негізгі заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Конституцияның 6-бабының 2-тармағына сай "меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді". Бұл аталған конституциялық нормалар , меншік қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі принциптері мен бастауларын бекітетін болғандықтан, айқындаушы маңызға ие екенін және олардың Негізгі Заңның " Жалпы ережелер" деп аталатын I бөлімінде берілгенін атап өткен жөн (Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 7 маусымдағы N 4/2 қаулысы).

Бұл келтірілген нормалар, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген өзге де әлеуметтік-экономикалық құқықтарды, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру құқығын да іске асыру үшін конституциялық алғышарттар жасайды.

Конституцияның 28-бабының 1-тармағына сай Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 3/2 қаулысында 28-баптың 1-тармағын түсіндірген кезде, құқықтардың немесе бостандықтардың нақты бір түрінің конституциялық құқық деңгейіне жеткізілуі және Конституцияда оның кепілділігінің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтарды өзі құрайтын жүйелер мен құрылымдар арқылы жүзеге асыруды қамсыздандыруды өз міндетіне алғандығын білдіреді, деп түсіндірілген болатын. Зейнетақы алуға деген конституциялық құқықты қамтамасыз етудің және жүзеге асырудың құқықтық механизмдері "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында , сондай-ақ республиканың өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітілген .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заң Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқығын іске асыруға қатысуын реттейді.

2. Зейнетақы қоры мен азаматтың арасында қалыптасатын құқық қатынастарының құқықтық табиғаты, азаматтық заңдармен реттелетін тауар-ақша қатынастарынан және мүліктік қатынастарға қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де қатынастардан өзгешеленеді. Салымшы мен жинақтаушы зейнетақы қорының арасындағы қатынастар Конституцияның, соған сәйкес келетін заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде қалыптасады. Зейнетақылық құқық қатынастары қатысушылардың теңдігіне қарай құрылмайды, олар көбінесе жария-құқықтық сипатқа ие болады.

Міндетті зейнетақы жарналары уақытылы ұстап қалынбаған (есептелмеген) және (немесе) аударылмаған жағдайларда мемлекет, салық органдары арқылы, заңнамамен көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға хақылы.

Міндетті зейнетақы жарналарының салушысы мен жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың тараптары болып табылады. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт орындалуы міндетті шарттар түріне жатады, тараптардың міндеті "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңның талаптарымен көзделеді. Конституцияда (28-баптың 1-тармағы) және соған сәйкес қабылданған " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңда белгіленген шарттар болған кезде салымшылар ала алатын зейнетақы осы шарттың нысаны болып т а б ы л а д ы .

Салымшының жеке зейнетақы шотында ескеріп отыратын зейнетақы жинақтары оның меншігі болып табылады, бірақ, Конституцияның 6-бабы 2-тармағының және 28 -бабы 1-тармағының талаптарына орай, салымшы заңға сәйкес зейнетақы алуға құқық беретін белгілі бір заңдық факті туындағанға дейін уақытша зейнетақы жинақтарына билік ете алмайды және оларды пайдалана алмайды. Бұл қаражат зейнетақы туралы заңнамаға сәйкес азаматтың иелігіне өткен кезде ғана, жинақтаушы шоттардағы зейнетақы жинақтарына толық меншік құқығы пайда болады.

3. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңның 2-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады, бұл Негізгі Заңның 12-бабының 4-тармағына сай келеді. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен кезде шетелдік азамат пен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандырылу құқығынан айрылады. Осылайша, " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңның 2-бабында бекітілген зейнетақы кепілдіктерінің бұл адамдарға қатысты қолданылуы тоқтатылады . Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру осы аталған кепілдіктер таралуының қажетті шарты болып табылады. Бұл, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткен кезде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың тоқтатылатынын білдіреді. Егер зейнетақы төлемдерін алу - шарттың талаптарын орындау болса, онда қайтарып алу - шартты мерзімінен б ұ р ы н б ұ з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Конституцияның 28-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдарға ең төменгі зейнетақының мөлшеріне кепілдік беріледі. Өзге мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының зейнетақы туралы заңдарымен белгіленген зейнетақы жасына келіп, бұл адамдардың республиканың зейнетақы қорларында зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда, егер республиканың заңдарында немесе халықаралық шарттарында өзгеше

көзделмесе, Қазақстан Республикасы оларды ең төменгі зейнетақы мөлшерімен
қ а м т а м а с ы з е т п е й д і .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңның 23-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында және 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында, салымшылардың зейнетақы жинақтарын алып қоюы мәселелері заңнамамен реттелуге тиіс деп көзделген. Осы норманы дамыту мақсатында қабылданған Ереже зейнетақы жинақтарын алып қойылатын жағдайлардың толық тізбесін көздейді. Ережеде мұндай зейнетақы жинақтарын алып қоюға салымшылардың - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың ғана құқылы екендігі көзделген. Тиісінше олардың Қазақстаннан тыс жерлерге кетуі, республикамен, зейнетақы туралы заңнамадан келіп туындайтын, құқықтық қатынастарды тоқтатуға негіз болып т а б ы л а д ы .

Республика азаматы, республика Конституциясының 21-бабында бекітілген өзінің құқықтарын жүзеге асыра отырып, тұрақты тұру үшін Республикадан тыс жерлерге кете алады. Бұл ретте, егер ол зейнетақы жинақтарының бәрін алып қойған жағдайда, Қазақстан мемлекеті үшін жоғарыда аталған зейнетақымен қамсыздандырудың конституциялық кепілдіктерін толық көлемде қамтамасыз ету мүмкін болмай қалады. Конституцияда және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңда белгіленген шарттар (жасы және т.б.) туындағанға дейін, республика азаматтарының зейнетақы жинақтарын сақтап қалу олардың меншік құқығына нұқсан келтірмейді, керісінше, әлеуметтік құқықтарға кепілдікті күшейте түседі. Сондықтан, бұл жағдайда Конституцияның 26-бабының 2-тармағымен көзделген құқықты шектеу туралы сөз болып отырған жоқ. Негізгі Заңның 14-бабында бекітілген құқықтар мен бостандықтарға да бұл жерде нұқсан келтірілмейді.

Сол арқылы, өз азаматтарының алдындағы конституциялық міндеттерін орындай отырып, Қазақстан Республикасы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың республика Конституциясы мен заңнамасында бекітілген әлеуметтік құқықтарын да сақтау үшін құқықтық шаралардың белгілі бір жүйесін қалыптастырады.

Конституцияның нормаларына жүйелі түрде талдау жасау, зейнетақымен қамсыздандырудың негізгі мәселелері меншік құқығымен тығыз байланысты деген ұйғарым жасауға мүмкіндік береді. 39-баптың 3-тармағының ережелерін, жоғарыда көрсетілгеніндей, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара құқықтары мен міндеттерін шешу мә т і н і н д е т ү с і н г е н ж ө н .

Жоғарыда баяндалғанның бәрі де, зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты мәселелер Конституцияның өзімен регламенттелген және зейнетақы туралы заңнаманың қаралып отырған нормаларының Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес еместігі туралы мәселе туындамайды, деген ұйғарым ж а с а у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

Осылайша, Конституциялық Кеңес, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысымен бекітілген, "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінің" 4-тармағының 1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 және 39-баптарына қайшы келмейді деп есептейді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 және 37-баптарын, 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысымен бекітілген, "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінің" 4-тармағының 1) тармақшасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ñ е с і н і ñ

төрағасы